

## Хаттама №1

29.08.2023 ж.

Қатысқандар: 13

### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекіту
9. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер З.Амирсеитова айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған.Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алды Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

1.Тыңдалды:балабақша әдіскері:Ж.Кулыншакова

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

**Ересек тобы**

**4-5 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары**  
**2023-2024 оқу жылы**

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	2	-	8	72
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	<b>Барлығы:</b>	<b>6 сағат</b>	<b>-</b>	<b>24</b>	<b>216</b>

**Ескерту:**

\* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

### Ортанғы топ

#### 3-4 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	<b>Барлығы:</b>	<b>4 сағат</b>	<b>-</b>	<b>20</b>	<b>180</b>

#### Ескерту:

\* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және

басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

### Кіші топ

### 2-3 жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
3	Сенсорика		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Апликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	<b>Барлығы:</b>	<b>4 сағат</b>	<b>-</b>	<b>16</b>	<b>144</b>

#### Ескерту:

\*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тындауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгіұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.осылай егжей тегжей таныстырып өтті.Күн тәртібінде осылай таныстырып бекітіп берді.

Тыңдалды алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова  
Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын  
бекіту, **Мақсаты:** жас мамандарға педагогика мен психология  
саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек  
пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру.

Жас мамандарды педагогикалық қызденістерге үйрету, ұстаздық шеберлік тәрбиелеу  
қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-  
әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту. **Міндеттері:**

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;

- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;

- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту педагогтарға  
мақсатымен міндетімен таныстырып өтті. **Тыңдалды:** балабақша  
меңгерушісі: З.Амирсеитова жетінші мәселе бойынша Шығармашылық топ  
мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітіліп берілді.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын  
сайланды. Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 5 топ тәрбиешілер  
бекітілді. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекітілді  
Жылдық жоспар негізінде.

### Қаулы:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
3. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
4. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі  
және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
5. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын  
бекітілсін.
6. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның  
құрамын сайлансын.
7. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:  З.Амирсеитова

Хатшы:  Ж.Кулыншакова

Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортаңғы топ «Ақбота» тобының тәрбиеленушілерінің ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ортаңғы топ «Ақбота» тобының тәрбиешісі Г.Шалатаева балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті –қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Аққу» тобы мен кіші жас топ «Балапан» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. «Балапан» тобының тәрбиешілері Ж.Телемисова жіберілген қателіктерін көрсете отырып, келесіде болдырмау керектігі ескертілді. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиеленушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Аққу» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші А.Уразбаева балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды.

### **3. Тындалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.**

Балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Аққу» тобының тәрбиешісі А.Уразбаева “Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша “Ертегілер еліне саяхат” тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді. Ортаңғы «Ақбота» тобының тәрбиешісі Г.Шалатаева «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Кіші жас «Балапан» тобының тәрбиешісі Ж.Телемисова «Ұй жануарлары» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Балалардың саусақ маторикасы дамитын түрлі тапсырмалар орындатты.

Балалармен кірпінін баласын ермексаздан жасады. Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӨ талапқа сай өтті. ҰІӨ жақсы дайындалған.

### **4. 4. Тындалды: 4. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»**

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,

горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

**5. Тыңдалды:** «Гүл композиция жасау» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиғи қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг

**Мақсаты:** Ұжымның көңіл-күйлерін жақсарту, қарым-қатынасты нығайту, өзін еркін сезінуге көмектесу, ұжым ауызбіршілігін қалыптастыру.

**Тренинг ережесі:**

1.Күлімсіреу;

2.Бірігін жұмыс жасау;

3.Өз ойын еркін ашық жеткізу;

4.Белсенді қимыл қозғалыс;

5.Еркін отыру; Соңына келе өте қызықты етіп аяқталды.

**Шешімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, эксперименттік жұмыстар көп жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
2. ҰІӨ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

Балабақша меңгерушісі:  З.Амирсеитова

Хатшы:

 Ж.Кулыншакова



## Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Баяндама «Балабақша тәрбие бастауы». Тәрбиеші: К.Утегенова
3. «Санэпид» ережелерінің орындалуы. Жан-жақты тексерудің қортындысы.
4. Көрме педагогтар мен тәрбиешілердің пед процесте қолданылатын көрнекіліктер.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды Өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттаралық.

**2.Тыңдалды:** Баяндама «Балабақша тәрбие бастауы». Атты баяндаманы тәрбиеші **К.Утегенова** таныстырды.Адам баласының жаратылысы әртүрлі дегенімізбен, баланың жақсы болмағы өскен ортасы мен көрген тәрбиесіне байланысты. Дана халқымыз «Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі», – деп тайға таңба басқандай көрсеткен. «Бесік» ұғымын «тәрбие» ұғымымен тең қарастыруында үлкен мән жатыр. Баланың жас кезінде көрген тәрбиесі оның үлкен өмірге жолдамасы іспетті. Ақиқатында баланы үлкен өмірге әзірлеу ісінде әуелі үйдегі ата-ананың, содан соң балабақшаның алар орны грекше. Әрине, ешбір ата-ана өз баласының жаман болғанын қаламайды. Оған теріс тәрбие бергісі де келмейді. Бірақ, біріншіден, кейбірінің өз баласын өркениет көшіне лайықты түрде тәрбиелеуге өресі жетпесе, кейбірінің әдісі осал соғып жатуы ғажап емес. Екіншіден, Мемлекет болған соң, онда идеологиялық бірізділік болғаны жөн. Бұл орайда балабақшаның ұқарар рөлі маңызды. Тәуелсіз елдің балабақшасы қандай болуға тиіс деген сұраққа келсек, әлемнің екінші ұстазы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» десе, қазақтың қайсар ұлы Бауыржан Момышұлы: «Менің үш қорқынышым бар: біріншісі – бесік шырын айта алмайтын келіндердің көбеюінен, екіншісі – немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюінен, үшіншіден – салт-дәстүрін ұйыламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын» деген екен. Қос тұлғаның қазақтың төл рухани құндылығының рөлі қаншалықты маңызды деген сұраққа жауап жолдап тұрғандай. Біздің ұрпақ тәрбиесіндегі ұстанар

устанымымыз да осы екі тұлғаның сөзінен арқау тартып жатуға тиіс. Деген сөздермен қортындылады.

4.Тыңдалды: 3. «Санэпид» ережелерінің орындалуы.Жан-жақты тексерудің қортындысы медбике Т.Сариева және меңгеруші З.Амирсеитова таныстырып және де талаптарды барынша орындауға шақырды және қортынды бойынша таныстырып өтті.

"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары


1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленген және объектінің құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауа баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру, тамақтану жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, балаларды медициналық қамтамасыз етуге, меншік нысанына қарамастан балалар толық, толық емес, тәулік бойы болатын барлық түрдегі мектепке дейінгі ұйымдардағы (бұдан әрі – МДҰ) және сәбилер үйлеріндегі персоналды медициналық тексеріп-қарауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

4.Тыңдалды: балабақша меңгерушісі:З. Амирсеитова Көрме педагогтар мен тәрбиешілердің пед процесте қолданылатын көрнекіліктер. Балабақшада тәрбиешілер 2023-2024 оқу жылындағы «Аққу», «Ақбота», «Айгөлек», «Ақбота», «Балапан» топтары бойынша бес дағды бойынша әр топ дайындаған көрмеге қанағаттанарлық деп алдағы уақытта толықтырулар жүргізілуі жөнінде түсіндіріп өтті.

**Шешімі:**

1. Баяндама «Балабақша тәрбие бастауы». Тәрбиеші: К. Утегенова оқып таныстырсын.
2. «Санэпид» ережелерінің орындалуы. Жан-жақты тексерілсін.
3. Көрме педагогтар мен тәрбиешілердің пед процесіте қолданылатын көрнекіліктер толықтырылсын.

Балабақша меңгерушісі:  А.Амирсеитова

Хатшы:  Ж.Кулыншакова

**№3«А.Әуметхан» педагогикалық кеңесі отырысының  
№4 хаттамасы**

Қатысқандар:

меңгерушісі: м.у.а. **А.Бакишева**

Балабақша педагогтері: 11 адам.

Қатыспаған: - 0

**Күн тәртібінде:**

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Баяндама «Театр түрлері»
3. Жазғы сауықтыру күн тәртібі, жұмыс жоспары.Талдап бекіту.
4. Жазғы іс –әрекеттерін бекіту.
- 5.Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының есебі.
- 6.Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдау.
- 7.Оқу жылының қортындысы.

**1.Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды Өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттаралық.

**2. Тыңдалды:** бақша тәрбиешісі А.Уразбаева Баяндама «Театр түрлері»  
Театр – тәрбие ошағы. Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамытаотырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады.

Театр – балаларға түсінікті өнер түрі, ол қазіргі педагогика мен психологиядағы:

- эстетикалық талғамын қалыптастыруға;
- адамгершілік тәрбиесіне;
- тұлғаның коммуникативтік сапасын дамытуға (қарым-қатынастың түрлерін үйрету);
- ерік – жігерін тәрбиелеп, ес, қиял, тілін (диалог және монолог) дамытуға мүмкіндік береді.

Ең басты, театр баланың рухани және шығармашылық қарымын ашады және оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне шынайы мүмкіндік береді.

Театрлық ойын – мектепке дейінгі балалар ойының бірі бола отырып, адамгершілік мәндегі әдеби не фольклорлық шығармаларды түсіндіру және осы ойынға қатыстыру барысындағы әлеуметтендірудің тиімді құралы болып табылады. Бұл ойын ұжымдық сипатта болады және жағымды өзара әрекет тәсілдерін меңгеруге, достық, жолдастық сезімдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Театрлық ойындарда эмоциональдық дамуы жүзеге асады: балалар кейіпкердің сезімі, көңіл күйімен танысады, олардың сыртқы келбетін сипаттай отырып, себебін түсінеді.

Тіл дамыту үшін де (диалогты және монологты сөйлеуді қалыптастыру, көркем мәнерлі тілін жетілдіру) театрлық ойындардың маңызы зор.

Ақырында театрлық ойындар баланың өзін танып көрсету және өз қабілетін іске асыру құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде театрлық ойындар мерекелерде ең бастысы «көрініс» ретінде пайдаланылады. Жақсы нәтижеге жету үшін жеке не ұжымдық дайындықтарды педагогтар балалармен бірге мәтінді ғана емес, дауыс екпінін және қимыл- қозғалысты жаттауға мәжбүр болады. Баланы «жақсы әртіс» болуға үйренеді.

Театрлық қызметтің мазмұны:

- қуыршақ театрының қойылымдарын көру және талқылау;
  - балалардың әлеуметтік- эмоциялық дамуына арналған жаттығулар кешені;
  - түзетімдеу – дамытушы ойындар;
  - дауыс ырғағын қалыптастыруға арналған жаттығулар (артикулярлық гимнастика);
  - қолдар қозғалшықтығын дамытуға арналған тренингтер;
  - ымдауды, мимиканы қалыптастыруға арналған жаттығулар;
  - театрлық этюдтер;
  - әртүрлі ертегілер қойылымы;
  - ертегіні драмалау құралдарымен (ымдау, қозғалыстар, сахналық көрініс және т.б.) жұмыс.

Театрландырылған ойындардың сипатты ерекшеліктері мазмұндарының әдеби немесе фольклорлық негізде және көрермендерінің болуы болып табылады. (Л.В.Артемова, Л.В.Ворошина, Л.С.Фурмина және т.б.). Оларды топқа: драмалау мен режисерлікке бөлуге болады.

Театрланған ойын.

1. Драматизациялық ойын. Бұл ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында кез келген бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері:

- Жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны;
- Мәтін бойынша негізделген диалог, монолог, рөлдік ойындар;
- Шығармашылық көрсетілім;
- Бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою.

Драматизация ойынының 2 түрі. Саусақ ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді. Саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді. Сондай-ақ, саусақ драматизациясының мынадай қасиеттері бар:

- қол жетімді, қолданысқа жеңіл, ыңғайлы.

- кейіпкерлердің фигуралары саусаққа киіледі.

- балалардың ұсақ қол моторикасын, тіл байлығын, назарларының тұрақтылығын, есте сақтау қабілеттерін дамытады;

- кеңістікте бағдарлау туралы түсініктерін қалыптастырып, ептілікке, қимыл қозғалыс еркіндігіне баулиды; бас ми қабығының тонусын көтеріп, жұмысқа қабілеттілігін көтереді;

2. Режиссерлық ойындар. Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады. Ары қарай режиссерлық үлгідегі сан алуан театр түрлеріне қысқаша шолу жасайық.

- Ойыншықтар театры. Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтар – марионеткалар қолданылады. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде киеді. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтардың көмегімен балалар ән , би , ойын көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.
- Үстел үсті театры. Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үсті театрының түрлері ең көп нұсқалы десек болады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады ( олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);
- Фланелеграф театры - суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.
- Трафарет театры -Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, монологты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл- қозғалысын өзгерте алады.
- Көлеңкелі театр - жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен

жұқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Театрландырылған ойынды дамытудың негізгі бағыттары:

Жасы кіші мектеп жасына дейінгі балалармен- баланың театрландырылған қойылымды ересек адамның орындауын бақылаудан біртіндеп дербес ойындық қызметке көшуінен; жеке және «қатар ойнаудан» рөл ойнайтын 3-5 құрдасынан тұратын топта ойнауға; фольклорлық және әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктеуден кейіпкердің негізгі эмоцияларын беруді және ойын- драмалауда қарапайым «үлгілік» бейнені жасау ретінде рөлді игерудің үйлесіміндегі еліктеуге дейін өтуден тұрады.

Орта жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен– баланың «өзі үшін» ойынынан көрерменге бағдарланған ойынға қарай біртіндеп өтуден; ең бастысы үрдісті де, нәтиже де маңызды болатын ойынға; тақылеттес («параллель») рөлдерді орындайтын құрдастарының шағын тобындағы ойыннан рөлдік позициялары әр түрлі (тең құқықты, бағыну, басқару) 5-7 құрдасының тобындағы ойынға; ойын- драмалауда жай «үлгілік» бейнені жасаудан кейіпкердің эмоциялары, көңіл- күйі, жағдайы, олардың алмасуы үйлесетін біртұтас бейнені жасауға дейін өтуден тұрады.

Жасы үлкен мектеп жасына дейінгі балалармен – баланың бір әдеби немесе фольклорлық мәтін бойынша ойынынан баланың сюжетті еркін құруы түсінілетін ойынға біртіндеп өтуден, онда әдеби негіз оны баланың еркін түсіндірмелеуімен үйлеседі немесе бірнеше туынды біріктіріледі; кейіпкер ерекшеліктерін беру үшін көркемдік құралдар пайдаланылатын ойыннан кейіпкер бейнесі арқылы өзін-өзі білдіру құралы ретіндегі ойынға; орталық «артист» болып табылатын ойыннан «артист», «режиссер», «сценарийші», «безендіруші», «киімші» позициялары болатын кешен ұсынылатын ойынға, алайда бұл кезде әрбір баланың қалауы жеке қабілеттіктері мен қызығушылықтарына байланысты оладың біреуіне түседі; театрландырылған ойыннан жеке тұлғаның өзін- өзі көрсетуі мен қабілеттіліктерін іске асыру құралы ретінде театрлық- ойындық қызметке дейін өтуден тұрады.

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның шығармашылықтың әралуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жасайтын болады. Ал МДҰ- дағы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі ойын мен өнердің әр түрлерін кіріктіру есебінен қызғылықты бола түседі, олар театрландырылған- ойындық қызметтен өз көрінісін табады.

Театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын



арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр - балалар үшін мереке демалыс орны. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоғалтпайды.

3. Тыңдалды: әдіскер Ж.Кулыншакова Жазғы сауықтыру күн тәртібі, жұмыс жоспары.Талдап бекітілді.

*Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібі*

Ремонттік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртінуге. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Тамақтануға дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Тамақтану	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиелі мәдениетті балалардың еркіндіктері	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы қамту.

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күресімі серуен	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Түрлі тамақ	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түсетін	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.

Күндізгі ұйқы	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау.
Ұйқыны арттыру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында оятугимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бейбітшілікке дағдыландыру. Бейбітшілікке	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиесі мен бауыпкерін әрекеттендіру	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дағдыландыру	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Серуенде қызығу	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.
Үйрендірту. Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.

#### 4. Жазғы іс-әрекетті бекітіліп берілді.

5. Идеялардың шығармашылық жұмыстарының есем. Педагогтар әр бірі өзінің есепін ұсыныстырып электронды құжат жүзінде тапсырды. **Менің педагогикалық ұсынысым:** «Өзім ғана үйренбей, өзгені де үйрету. Мен білгенді басқалар да білсін».

**Мәнін әдістемелік тақырыбым:** «Білім беру мазмұнын жаңарту жөнінде оқыту процестерінің тиімді әдістерін қолдана отырып, тәрбиеленушілердің шығармашылығын және білім сапасын арттыру»

**Әдістемелік тақырыбымның мақсаты:** Оқытудың қолайлы үлгілерін танып алып жоғары нәтижеге жету және тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін арттыру. Топпен жұмыс жасау, өзін – өзі бағалау, тәрбиеленушілерді өз бетімен жұмыс жасауға баулу.

**Міндеттері:**

Тәрбиеленушілерді белсенді субъектіге айналдыруға қажетті жалпы білім, біліктерін қалыптастыру;Тәрбиеленушілердің қабілеттерін дамыту;

Денсаулығы тұлға ретінде «МЕН» деген пікірін қалыптастыру;Тұлға дамуының маңызын кеңейтіп, рухани дамуына бағыт – бағдар беру;әдіскер өзінің шығармашылығымен осылай бастап соңы қалған педагогтар жалғасын танып алынды.Тыңдалды: Бақша меңгерушісі: м.у.а А.Бакишева Ашық

ұйымдастырылған іс-әрекетіне талдау жасауТәрбиешінің аты-жөні:

Айтурсева Л.Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Көркем әдебиет.Тақырыбы:

Мәнін білдірдім Ортаңғы топ «Айголек»Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін туғызу, патриоттық сезімге баулу.

Тәрбиешінің әрекетіне сипаттама Айтурсева Л ұйымдастырылған іс-әрекетінің орташа деңгейде өткізді. Іс-әрекеттің құрылымы сақталмаған. Іс әрекет қарқыны осы тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктеріне сай келмеді. Балалардың жас ерекшелігіне сай сөздік қоры дамымаған, шығармашылық қабілеттері аз. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері ойын түрінде және балалармен жеке жұмыс жүргізілмейді. Ұйымдастырылған іс-әрекеті бір бағытта өткізіледі, балалардың жас ерекшелігі ескерілмейді. Тәрбиеші балалардың көңіл-күйін көрнекі заттарға аударып, сабаққа қызығушылықтарын арттыра алмады, өз ойларын өткізе білуге машықтандыра алмады. Тәрбиеші мотивациялық кезенді және оқу мақсатын толық өткізе алмады. Уақыт пен әрекеттерді дұрыс қолдана алмады. Мотивациялық шеңбері, сергіту сәті барлығы ұйымдастырылған технологиялық картадан тыс болмады. Соңында балаларды мадақтау айтылмады.

7.Оқу мақсатының қортындысы.Тыңдалды меңгеруші: м.у.а А.Бакишева оқу жылында қорытынды бойынша жалпы толық айтып өтті.

## Шешім

1. Кеңестің шешімдерінің орындалсын.
2. Программа «Театр түрлері» оқып таныстырылсын.
3. Сауықтыру күн тәртібі, жұмыс жоспары. Талдап бекітілсін.
4. Іс-әрекеттерін бекітілсін.
5. Өзгерістердің шығармашылық жұмыстарының есебі берілсін.
6. Құрылымдастырылған іс-әрекеттерді талдансын.

Жиналыс төрайымы:  А.Бакишева

Хатшы:



Ж.Кулыншакова